

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 11 қаңтардағы N 15 қаулысы. Ақтөбе облысының Мәртөк аудандық Әділет басқармасында 2010 жылдың 29 қаңтарда N 3-8-104 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 17 қаңтардағы № 29 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2011.01.17 № 29 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасын, 37 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5 тармақшасын, 20 бабын басшылыққа ала отырып а у д а н ә к і м д і г і **Қ А У Л Y** Е Т Е Д І :

1. Жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін, қоғамдық жұмыстың көлемі мен түрлері, қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың тізімі қосымшаға сәйкес бекітілсін /қосымша/.

2. «Мәртөк аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Алматбаева Г.А) осы қаулының жүзеге асырылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қоғамдық жұмысқа қатысушы тұлғалардың еңбек ақысы есебіне сәйкес жыл қаржысынан нақты атқарған уақыты негізінде жүзеге асырылады және төлемдер жұмыссыздардың банкілердегі жеке есеп шоттарына аударылады.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары И . Г . Ц ы б а ғ а ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *А.Әмірғалиев*
Мәртөк ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 11 қаңтардағы
№ 15 қаулысына қосымша

Уақытша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін, қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын мекемелер тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты шарттары

Рет са ны	Мекемелер атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Шарт бойынша жұмыстардың көлемі, 1 адамға /болжам/ /теңге/	Берілген сұраныс		Қаржыландыру көздері
				Жұмыс орын саны	Адам/ күні	
1	2	3	4	5	6	7
1	Селолық /ауылдық/ округтер: Аққұдық Байторы Байнассай Қарашай Қаратоғай Қызылжар Құрмансай Жайсан Мәртөк Родниковка Танырберген Хазрет Хлебодар	«Құрылыс бригадасы», «Жолдар», «Көркейту», «Туған өлке», «Санақ», Мейірбан медбике», «Эколог», «Суға батушыны құтқарушы», «Сарбаздар», «Іс шаралар өткізуге септесу», «Ауыл шаруашылығы жұмыстары», «Жады», «Жас мамандар»	14952	149	3278	ЖБ
2	«Аудандық прокуратура» ММ	«Көркейту», Құрылыс бригадасы»	14952	8	176	ЖБ
3	«Мәртөк аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ	«Санақ», «Кенесші»	14952	6	132	ЖБ
4	«Аудандық қорғаныс істер бөлімі» ММ	«Санақ»	14952	10	220	ЖБ
5	«Аудандық білім бөлімі» ММ және аудан мектептері	«Санақ», «Көркейту», «Мектептерде ертеңгілік ас әзірлеу», «Құрылыс бригадасы»	14952	10	220	ЖБ
6	«Мәртөк аудандық емханасы» ММ	«Санақ», «Көркейту», «Құрылыс бригадасы»	14952	2	44	ЖБ
7	«Мәртөк аудандық соты» ММ	«Санақ», «Көркейту»	14952	10	220	ЖБ
8	«Аудандық ішкі істер бөлімі» ММ	«Сарбаздар»	14952	4	88	ЖБ

9	«Аудандық орман шаруашылығы» ММ	«Тәлімбақ», «Көркейту»,	14952	40	880	ЖБ
10	«Мәртөк аудандық мәдениет және тілдерді дамыту» мемлекеттік мекемесінің «Мәртөк аудандық мәдениет үйі» МКҚК	«Іс шаралар өткізуге септесу», «Көркейту», «Құрылыс бригадасы»	14952	12	264	ЖБ
11	«Аудан әкімінің аппараты» ММ	«Санақ», «Көркейту», «Құрылыс бригадасы»	14952	14	308	ЖБ
12	«Аудандық әділет басқармасы» ММ	«Санақ», «Кеңесші»	14952	4	88	ЖБ
13	ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» РМҚК Ақтөбе облыстық филиалы Мәртөк аудандық ветеринариялық зертханасы.	«Ауыл шаруашылығы жұмыстары»	14952	2	44	ЖБ
14	Ақтөбе облысының сот әкімшісінің Мәртөк аумақтық учаскесі	«Санақ»	14952	4	88	ЖБ
15	Мәртөк ауданы бойынша салық басқармасы	«Санақ», «Құрылыс бригадасы»	14952	2	44	ЖБ
16	Ақтөбе облысының мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау департаментінің Мәртөк аудандық бөлімі	«Көркейту», «Құрылыс бригадасы»	14952	2	44	ЖБ
17	«Мәртөк ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ	«Санақ»	14952	1	22	ЖБ
18	Мәртөк ауданының мемлекеттік мұрағаты	«Санақ», «Жады»	14952	2	44	ЖБ
19	«Мәртөк- сервис» МКК	«Көркейту»	14952	14	308	ЖБ
20	Ақтөбе облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы РМҚК Мәртөк аудандық филиалы	«Санақ»	14952,0	2	44	ЖБ
21	«ҚР АШМ АӨК мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясы» ММ	«Санақ»	14952,0	2	44	ЖБ

10.«Кітапқа – екінші өмір»

Қалалар мен аудандардағы мектептердің кітапханаларындағы, көпшілікке арналған кітапханалардағы кітап қорларын қалпына келтіру. Кітаптардың жекелеген беттері мен мұқабаларын алмастыра отырып жаңғырту

11.«Мейірбан медбике»

Денсаулық сақтау мекемелері мен үйде ауру және қарт адамдарды күту.

12.«Тігінші»

Ауруханаларда, мектептермен мектеп – интернаттарда, балалар үйлерінде, еңбекпен түзеу мекемелерінде, әлеуметтік көмек көрсету бөлімдерінде төсек – жаймалармен киім –кешектерді қайта тігу

13.«Эколог»

Тұрмыстық, қатты қалдықтарды көмуді ұйымдастыруға көмектесу және көму.

14.«Кеңесші»

Аз қамтылған азаматтарға әртүрлі құқықтық мәселелер жөнінде ақысыз кеңес беру.

15.«Сарбаздар»

Қоғамдық тәртіпті сақтау. Кент және елді мекендерде құқық тәртібін күзетуде көмек көрсету.

16.«Мектептерде ертеңгілік ас әзірлеу»

Оқушылардың тамақтандыруын ұйымдастыру үшін

17.«Суға батушыны құтқарушы»

Суға түсуге арналған арнайы орындарда балалардың және басқа адамдардың суға түсуін қадағалау, суға батушыны құтқару.

18.«Жас мамандар»

Жас мамандарды оқу бөлімдерін бітіріп келгеннен кейін мамандықтары бойынша жұмысқа тарту, қабілетін күшейту, мамандығына іс жүзінде көмектесу.

19. Жұмыс регламенті

Жұмыс аптасы 5 күн, екі демалыс күндерін құрайды, 8 сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат. Еңбек ақысы еңбек табелінде көрсетілген нақты жұмыс уақытына байланысты жұмыссыздың жеке есеп шотына аудару жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, еңбек қауіпсіздігіне байланысты нұсқаулық жүргізіледі, арнаулы киіммен, құрал-жабдықпен қамтамасыз етіледі, зейнетақы және әлеуметтік есептемелер, уақытша еңбек етуге жарамсыздығына әлеуметтік жәрдемақы төлемі жүргізіледі.